



Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт №1128795/2025/1

21.08.2025 жылғы

"Кселл" акционерлік қоғамы, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, "Кселл" АҚ Бас қаржы директоры, Басқарма мүшесі Рахметов Сабигат Маратович негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және "Интеллсервис" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, Басшы КОСТИН АЛЕКСАНДР АЛЕКСАНДРОВИЧ атынан, негізінде қызмет ететін Устав, , тұлғасында екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және Нәтижелер хаттамасы № 1128795 негізінде осы Жұмыстарды сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді.

Орындаушы осы Шартқа қол қоя отырып:

- заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын;
- осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын;
- осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

1. Шарттың мәні

1.1. Орындаушы Шарт талаптарына сәйкес Қызметтерді (бұдан әрі - қызметтер) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында қызметтерді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Қызметтердің тізбесі, олардың сипаттамасы, оларды ұсыну тәртібі мен мекенжайы, Қызметтерге қойылатын техникалық және өзге де талаптар Шарттың № 1, № 2 қосымшаларында көрсетілген.

1.3. Төменде аталған құжаттар мен оларда аталған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

- 1.3.1. осы Шарт;
- 1.3.2. №1 Қосымша: «Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің тізімі»;
- 1.3.3. №2 Қосымша: «Техникалық сипаттама»;
- 1.3.4. №3 қосымша: «Көрсетілетін қызметтердегі елішілік құндылықты есептеу есептілігінің нысаны»;
- 1.3.5. №4 қосымша: «Кселл» АҚ Жеткізушінің тәртіп кодексі»;
- 1.3.6. №5 қосымша: «Кселл» АҚ қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі директивалар

1.4. Қызметтер Орындаушының қарауында көрсетіледі және тұтастай алғанда, бөлшектер мен конструкцияларды қоса алғанда, материалдармен, сондай-ақ жабдықпен қызметтерді материалдық қамтамасыз ету жөніндегі міндетті Орындаушы атқарады.

1.5. Шартқа қол қоюмен Орындаушы Шартты жасасу және орындау үшін барлық қажетті өкілеттіктері, ресурстары және рұқсат беру құжаттары бар екенін растайды.

1.6. Қызметтерді Орындаушы Тапсырыс берушінің өтінімдері бойынша көрсетеді. Әр өтінімде көрсетілген Қызметтерді көрсету мерзімі Шарттың қолданылу мерзімінен аспауы тиіс.

2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы 201369168.00 (екі жүз бір миллион үш жүз алпыс тоғыз мың жүз алпыс сегіз) Теңге ҚР ҚҚС-ты қоса алғанда құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және шартта және Тәртібінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.4. Аванстық төлем (алдын ала төлем) Орындаушы авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсынған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі.

Аванстық төлем (алдын ала төлем) Тәртіптің 43-бабының 8-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, аванстың қайтарылуын қамтамасыз ету ұсынылған жағдайда жүргізіледі.

Орындаушы аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан жағдайда осы аванстық төлем (алдын ала төлем) жүзеге асырылмайды.

2.5. Көрсетілген Қызметтер үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар көрсетілген Қызметтер актісіне (актілеріне) (бұдан әрі – Көрсетілген қызметтер актісі) қол қойған және мынадай құжат (құжаттар) ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

- 2.5.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген қызметтердің барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеу (Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады);





2.5.2. Электрондық шот-фактура;

2.6. Орындаушы Көрсетілген қызметтердің актісін (лерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда Көрсетілген қызметтердің актілерін (лерін) электрондық түрде қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Көрсетілген қызметтер актісін (лерін) Орындаушы Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді.

Веб-порталда электрондық түрде Қызметтерді қабылдау-беру актісін (лерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

2.7. Орындаушы көрсетілген қызметтер актісін уәкілетті қызметкердің(лердің) қолымен растап, екі данада мөрмен расталған қағаз жеткізгіште де беруге міндетті. Тапсырыс беруші қол қойғаннан кейін Орындаушыға қол қойылған бір Актіні қайтарады, сондай-ақ қол қойылған Актінің электрондық көшірмесін сатып алу веб-порталына жүктейді.

2.8. Тапсырыс беруші Орындаушының төлемге арналған құжаттар пакетіне қол қоюы/уақтылы ұсынбауына байланысты төлемнің мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапты болмайды.

2.9. Қызметтер үшін төлем бұрын төленген алдын ала төлемді (авансты) ескерумен жүргізіледі.

2.10. Орындаушы шот-фактураны Тараптар қол қойған көрсетілген Қызметтер актісінің негізінде ұсынады. Орындаушы шот-фактураны ұсынған кезде онда міндетті түрде мынадай ақпаратты көрсетуге міндеттенеді:

- Шартқа екі Тарап қол қойғаннан кейін Тапсырыс беруші ұсынатын Жеткізуге тапсырыстың нөмірі (SAP PO45...);

- Шарттың және оған № 1, № 2 қосымшаның тұжырымына сәйкес келуге тиіс сатып алынатын Қызметтердің атауы.

2.11. Тапсырыс беруші ұсынылған шотпен/шот-фактурамен келіспеген жағдайда Тапсырыс беруші бұл туралы Орындаушыны жазбаша хабардар етеді. Мұндай даулы шотты / шот-фактураны төлеу дау реттелгенге дейін кейінге қалдырылады. Даулы шоттарға / шот-фактураларға қатысты, Орындаушы дауды шешу мақсатында шотқа / шот-фактураға түзетулер енгізген немесе шоттардағы / шот-фактуралардағы деректерді негіздеу үшін қажетті құжаттаманы ұсынған жағдайларда Шартта көзделген төлеу мерзімі түзетілген шот / шот-фактура немесе қажетті құжаттама алынған күннен бастап қолданылады.

2.12. Тараптардың банктік деректемелері Шартта көрсетілген. Тапсырыс берушінің әрбір төлемі Шартта көрсетілген Орындаушының банктік деректемелеріне аудару арқылы жүргізіледі.

2.13. Тапсырыс беруші шартта келісілмеген өзге төлемдерді төлемейді.

2.14. Орындаушы Шартқа юрисдикциясы қолданылатын кез келген салық органы (осындай салық органының кез келген әкімшілік бөлімшесін қоса алғанда) Шартқа сәйкес Орындаушы қызметіне байланысты немесе нәтижесінде Орындаушыға орната немесе сала алатын салықтарға қатысты кез келген қаржылық міндеттемелер мен талап-арыздар бойынша төлемдерді дербес жүргізеді.

2.15. Тапсырыс берушіден хабарлама алғаннан кейін Тапсырыс беруші Шарт бойынша Орындаушыға қандай да бір артық төлем жасаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге артық төленген ақша сомасын Тапсырыс берушінің Шартта көрсетілген есеп шотына аудару арқылы осындай хабарламаны алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қайтарады.

2.16. Шартта көрсетілген банк деректемелері бойынша Орындаушы атына ақша қаражатын есептен шығару күні төлем күні болып табылады.

2.17. Банк деректемелері өзгерген жағдайда Тарап шоттың болуы туралы анықтаманы ұсына отырып, бұл туралы екінші Тарапқа жазбаша хабарлайды. Тиісті өзгерістер енгізу үшін Тараптар Шартқа қосымша келісім жасасады.

2.18. Тараптардың кез келгенінің сұранымы бойынша Тараптар осындай сұраным алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне қол қояды. Көрсетілген мерзім бұзылған жағдайда кінәлі Тарап екінші Тараптың талабы бойынша бұзушылықтың әрбір осындай жағдайы үшін 10 АЕК мөлшерінде айыппұл төлейді.

2.19. Егер Тапсырыс беруші орналастырған өтінімдер бойынша Қызметтердің көлемі мен құны Шартта және оған Қосымшаларда көрсетілген Шарттың көлемі мен жалпы сомасына жетпесе, Орындаушының Тапсырыс берушіден Қызметтердің қалған көлеміне өтінімдер беруді және тиісінше осы Шарттың қалған сомасын төлеуді талап етуге құқығы жоқ.

3. Қызмет көрсету мерзімдері және шарттары

3.1. Орындаушы Қызметтерді осы Шартта және Шартқа Қосымшаларда көрсетілген мерзімде және тәртіппен көрсетуге міндетті.

3.2. Қызметтерді Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарттың талаптарына сәйкес және Шартқа №1, №2 қосымшаларға сәйкес саны мен сапасы бойынша көрсетеді.

3.3. Егер Қызметтер жыл бойы көрсетілсе, онда Техникалық ерекшелікте (Шартқа №2 Қосымша) көрсетілген кезең есептік кезең болып табылады.

3.4. Қызметтерді көрсеткен кезде мердігер тәуелсіз болып табылады, өз персоналының немесе өзінің қосалқы мердігер(лер)і персоналының қызметін толық басқарады. Орындаушының немесе қосалқы мердігердің бірде-бір қызметкері ешбір мағынада Тапсырыс берушінің қызметкері емес. Орындаушы Қызметтерді көрсетудің тәсілдері мен әдістерін дербес, бірақ Тапсырыс берушінің, осы Шарттың және оған қосымшалардың талаптарын ескере отырып, Қызметтің осы түріне қойылатын техникалық және өзге де талаптарға сәйкес айқындайды. Орындаушы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін, сондай-ақ ол тартқан





қосалқы мердігерлердің әрекеті/әрекетсіздігі үшін Тапсырыс беруші алдында толық жауапты болады. Қосалқы мердігерлерді тартуды Орындаушы Тапсырыс берушімен алдын ала жазбаша келісуге тиіс.

3.5. Егер Тапсырыс берушінің пікірінше, Орындаушының және/немесе қосалқы мердігердің қандай да бір жұмыскерлерінің жұмысы қандай да бір жағынан қанағаттанарлықсыз болып табылса, Тапсырыс беруші бұл туралы Орындаушыға хабарлауға құқылы, ал Орындаушы өз есебінен мұндай қызметкерді Тапсырыс берушімен келісілген мерзімде тиісті біліктілігі бар басқа жұмыскерге ауыстыруға міндетті.

3.6. Қызметтерді көрсеткен кезде Орындаушы юрисдикциясы Шартқа және Орындаушы көрсететін Қызметтерге қолданылатын барлық қолданыстағы заңдарға, барлық мемлекеттік органдардың бұйрықтары мен нұсқамаларына сәйкес әрекет етуге міндетті. Орындаушы Қызмет көрсету және Шарт жасасу үшін тиісті өкілеттіліктерге ие екенін мәлімдейді және кепілдік береді. **ОРЫНДАУШЫ ТАПСЫРЫС БЕРУШІНІ ТАПСЫРЫС БЕРУШІНІҢ ОСЫ ТАРМАҚ ТАЛАПТАРЫН ОРЫНДАМАУЫНАН ТУЫНДАЙТЫН ЗАЛАЛДАРҒА, ТАЛАП-АРЫЗДАРҒА, АЙЫППҮЛДАРҒА, ТҰРАҚСЫЗДЫҚ АЙЫБЫНА ЖӘНЕ НӘТИЖЕСІНДЕ ТУЫНДАЙТЫН КЕЗ КЕЛГЕН СИПАТТАҒЫ БАСҚА ДА ШЫҒЫСТАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК ПЕН ЫҚТИМАЛ ШЫҒЫСТАРДАН БОСАТАДЫ ЖӘНЕ ҚОРҒАЙДЫ.**

3.7. Қызметтерді көрсетудің барлық кезеңі (мерзімі) ішінде Орындаушы тек өз есебінен қолданыстағы заңнамада көзделген сақтандырудың міндетті түрлерін қамтамасыз етеді.

3.8. Орындаушы өз қызметкерлерінің және оларға тартылған тұлғалардың (қосалқы мердігерлердің және т. б.) еңбекті, СЭС, қоршаған ортаны қорғау талаптарын, қауіпсіздік техникасы қағидаларын, өрт қауіпсіздігі қағидаларын, электр қауіпсіздігі қағидаларын және Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінде көзделген өзге де қағидалар мен нормаларды сақтауға жауапты болады. Орындаушы Тапсырыс берушіге жарақатқа әкеп соққан әрбір жазатайым оқиға туралы есептің көшірмесін дереу жіберіп, ол Орындаушының сақтандыру компаниясында тіркеледі.

3.9. Орындаушы (Орындаушының персоналы және тартылған қосалқы мердігерлердің персоналы) осы Шартқа қосымша болып табылатын «Кселл» АҚ қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі директиваларды (бұдан әрі - Директивалар) сақтауы тиіс. Орындаушы өз персоналын (және тартылған қосалқы мердігерлердің персоналын) Директивалармен таныстыруға міндетті. Директивалар бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға жазбаша хабарлама жібере отырып, Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

3.10. Тапсырыс беруші көрсетілетін Қызметтердің өз аумағында ұсынылғаны туралы нұсқау берген жағдайларда, Тапсырыс беруші қажет болған кезде Орындаушыға көрсетілетін Қызметтерді ұсыну үшін қажетті орынмен қамтамасыз етеді. Орындаушы Тапсырыс берушінің әдеттегі жұмыс уақыты ішінде осы орынға қол жеткізе алуы тиіс.

3.11. Егер Қызметтер Тапсырыс беруші объектілерінде немесе Тапсырыс берушіге тиесілі емес объектілерде көрсетілуге тиіс болса, Орындаушы өз Қызметтерін көрсету басталғанға дейін дербес осындай объектілердің қауіпсіздігіне көз жеткізуге міндетті.

4. Тараптардың құқықтары және міндеттері

4.1. Орындаушы міндеттенеді:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес қызмет көрсетуге;

4.1.2. Тапсырыс берушіге Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда көрсетілетін Қызметтерге құжаттарды, оның ішінде:

4.1.2.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген Қызметтердің барлық көлеміне (санына) арналған Шартта елішілік құндылықтың есебі (Веб-порталда ұсынылады). Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге ұсынылады;

4.1.3. Тапсырыс беруші анықтаған Қызметтердің саны мен сапасы бойынша кемшіліктерді Шарт талаптарына сәйкес жоюға;

4.1.4. Қызметтерді тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандармен көрсетуге;

4.1.5. Қызметтер көрсету кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтауға;

4.1.6. Орындаушының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы талаптарды және көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтамауы нәтижесінде туындаған ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы үшін Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауап беруге;

4.1.7. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында Қызметтер көрсету кезінде аварияларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы мүмкін және (немесе) әкеп соққан барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіні дереу ескертуге;

4.1.8. Тапсырыс беруші немесе уәкілетті органдар анықтаған өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы кемшіліктерді және Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімде Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын өз есебінен жоюға;

4.1.9. Өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың жай-күйін және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан





Қызметтер көрсету орындарына Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдерінің қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

4.1.10. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылу мерзімімен Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Шарттың жалпы құнының 1 % мөлшерінде Төлем тапсырмалары, Банк кепілдігі түрінде енгізсін. Осы міндеттеме, егер ол Тәртібінің 43-бабының 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, Орындаушыға қолданылмайды;

Шарттың белгіленген мерзімде орындалуын қамтамасыз ету ұсынылмаған жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады және тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады. Хабарламаға хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама теңестіріледі.

Шарт Орындаушы осы хабарламаны алған күннен бастап біржақты тәртіппен бұзылды деп есептеледі. Орындаушының сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің түпкілікті мерзімі өткенге дейін сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған жағдайлары ерекшелік болып табылады.

Егер Орындаушы Тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес шарттың орындалуын қамтамасыз етуді алмастырмаса, онда Тапсырыс беруші осы тармақта көзделген тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады.

4.1.11. Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі бойынша оқудан өткен мамандарға Қызмет көрсетуге рұқсат беру (мұндай талап Қызметтерге қолданылғанда ғана белгіленеді).

4.1.12. Қарамағында орындаушының және (немесе) бірлесіп орындаушының жұмыскерлерінің жалпы саны 50 (елу) адамнан асқан кезде өз қызметі және (немесе) өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған орта, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мамандарға ие болу. (мұндай талап Қызметтерге қолданылғанда ғана орнатылады).

4.1.13. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен өз жұмыскерлерін мерзімді медициналық тексеруден, сондай-ақ ауысым алдындағы және өзге де медициналық куәландырудан өткізеді.

4.1.14. Өз жұмыскерлерін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда Қызметтерді қауіпсіз көрсету үшін қажетті арнайы киіммен және басқа да жеке және ұжымдық қорғану құралдарымен қамтамасыз ету.

4.1.15. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға қатысты сұрау салуларына осындай сұрау салуды алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей немесе Тапсырыс беруші өтінімінде көрсетілген мерзімде жауап беру.

4.1.16. Қызметтерді көрсету кезінде кез келген кідірістер туындаған жағдайда, бұл туралы Тапсырыс берушіге осындай кідірістер туындаған сәттен бастап 12 (он екі) сағаттан кешіктірмей немесе Тараптар келіскен басқа мерзім ішінде хабарлау.

4.1.17. Орындаушы жеткізілетін тауарлардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес техникалық регламенттерде, стандарттардың ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуға міндеттенеді (егер шарт талаптарында тауарларды жеткізу көзделген болса).

4.2. Орындаушының:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді талап етуге.

4.2.2. Тапсырыс берушіден Қызметтерді уақтылы қабылдауды және Көрсетілген қызметтердің актілеріне қол қоюды талап етуге;

4.2.3. Тапсырыс берушімен жазбаша келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды тең мәнділермен ауыстыруға.

4.2.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

4.2.5. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Орындаушы көрсеткен бірлесіп орындаушыларға жиынтығында көрсетілетін қызметтер көлемінің (құнының) ¼-нен аспайтын (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) бірлесіп орындауға беру.

4.2.6. Қызмет көрсету басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге құқығы бар.

4.2.7. Тапсырыс берушіден авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге;

4.2.8. Тапсырыс берушіден Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге құқығы бар.

4.3. Тапсырыс берушінің:

4.3.1. Орындаушы көрсеткен Қызметтерді Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға.

4.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Көрсетілген қызметтер актісіне оны Орындаушыдан алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға.

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жүзеге асыруға.





4.3.4. Орындаушыдан жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Орындаушының өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қойғызып таныстыруға, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдыктар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге міндеттенеді.

4.3.5. Тапсырыс берушіден алынған алдын ала төлем сомасына Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде енгізілген авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді Орындаушыға қайтаруға;

4.3.6. Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Орындаушыға қайтаруға міндеттенеді.

4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.1. Орындаушыдан Шартта көзделген тиісті сапа мен мөлшердегі қызметтерді алуға.

4.4.2. Шарт құнының тиісті төмендеуімен Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Қызметтердің кез келген бөлігінен бас тартуға.

4.4.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша және тәртіппен Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға.

Тапсырыс беруші Орындаушының Қызметтердегі елішілік құндылықтың болжамды есебін ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.4.4. Орындаушының қызметіне кез келген уақытта араласпай, Орындаушы көрсететін қызметтердің барысын, сапасын және толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге.

4.4.5. Орындаушыдан ол Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) Тапсырыс берушінің көрсетілген бағыттар бойынша ішкі нормативтік құжаттарының және (немесе) Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бұзушылықтарды жою туралы талаптарын орындамауын сақтамаған жағдайда есептелген айыппұлдардың сомасын өндіріп алуға құқығы бар.

5. Қызметтерді тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Орындаушы Тапсырыс берушіге Қызметтерді көрсету аяқталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге Көрсетілген қызметтердің актісін ұсынады: Тапсырыс берушінің талабы бойынша Орындаушы көрсетілген қызметтер актісімен бірге Тапсырыс берушімен келісілген форматта көрсетілген қызметтің нәтижесі туралы Есепті және/немесе Техникалық актіні ұсынады.

5.2. Егер Тапсырыс берушінің талабы бойынша Орындаушы Есепті немесе Техникалық актіні ұсынуы тиіс болған жағдайда, онда қабылдау Орындаушы осы құжаттарды ұсынған және Тапсырыс беруші қол қойған жағдайда жүргізіледі.

5.3. Қабылдау барысында Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтердің олардың Техникалық ерекшелікке және Шарттың өзге де талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы. Тапсырыс беруші Орындаушыдан көрсетілген қызметтер актісін және Шартта (Шартқа Қосымшаларда) көзделген басқа да құжаттарды алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей ескертулер/кемшіліктер болмаған жағдайда көрсетілген қызметтер актісіне қол қояды.

5.4. Көрсетілген Қызметтердің көлемі мен сапасына ескертулер/наразылықтар болған жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыдан көрсетілген қызметтер актісін және Шартта (Шартқа Қосымшаларда) көзделген басқа да құжаттарды алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Орындаушыға көрсетілген қызметтер актісіне қол қоюдан дәлелді бас тарта отырып және талап ете отырып, жазбаша хабарлама жіберуі тиіс Егер Орындаушы Тапсырыс берушінің хабарламасына 3 (үш) жұмыс күні ішінде жауап бермесе, мұндай хабарлама Орындаушы мойындаған болып есептеледі және Орындаушы хабарламаны алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде хабарламада көрсетілген барлық ескертулер мен кемшіліктерді жоюға міндеттенеді.

5.5. Көрсетілген қызметтердің тиісті Актісіне Тараптар қол қойғаннан кейін Қызметтер қабылданған болып есептеледі. Егер Қызметтерді қайта қабылдаған кезде ескертулер/кемшіліктер жойылғаннан кейін Қызметтер Шарттың талаптарына сәйкес келмесе немесе егер Орындаушы Шартта белгіленген мерзімде ескертулерді/кемшіліктерді жоймаса, не егер ескертулерді/кемшіліктерді жою Қызметтердің ерекшеліктеріне немесе табиғатына байланысты мүмкін болмаса, онда Тапсырыс беруші Шартты орындаудан бас тартуға және Орындаушыдан келтірілген залалдардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

6. Кепілдіктер және Сапа

6.1. Орындаушының Қызмет көрсету үшін жеткілікті техникалық білімі, ақылға қонымды қаржы мүмкіндіктері, әкімшілік-басқару дағдылары, Орындаушының тәжірибелі, құзыретті және білікті қызметкерлері, сондай-ақ Шарт бойынша өз міндеттері мен міндеттемелерін орындау үшін қажетті техникасы/жабдығы және өзге де материалдық базасы бар екендігіне және пайдаланатындығына кепілдік береді. Орындаушы 3 (үш) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушінің сұрау салуы бойынша Орындаушының Шартта көрсетілген Қызметтерді көрсетуге құқығын растайтын құжаттарды ұсынады. Мұндай құжаттарды ұсынбау Шарттың қолданылуын уақытша тоқтата тұру немесе бұзу үшін негіз болуы мүмкін.





6.2. Орындаушы Орындаушы мен Орындаушы қызметкерлері Қазақстан Республикасының Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі қолданыстағы заңнамасының талаптарына, сондай-ақ жалпы қабылданған салалық нормаларға және ғылыми негізделген техникалық қағидаттарға сәйкес қауіпсіз, адал, білікті және кәсіби деңгейде қызмет көрсететініне кепілдік береді.

6.3. Орындаушы көрсетілетін Қызметтерге қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкес келетін көрсетілген Қызметтердің сапасына кепілдік береді. Орындаушы осы Шарт бойынша көрсетілген Қызметтерде Қызметтердің нәтижелерін қалыпты пайдалану кезінде конструкцияға, материалдарға немесе жұмысқа байланысты кемшіліктердің болмайтынына кепілдік береді.

6.4. Орындаушы Шартқа № 2 қосымшада көрсетілген кепілдікті мерзім ішінде көрсетілген Қызметтердің сапасына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі Тараптар көрсетілген қызметтер актісіне қол қойған күннен бастап есептеледі. Орындаушы Қызметтердегі кез келген кемшіліктерді/ақауларды, егер Қызметтердегі кемшіліктерді/ақауларды жоюдың өзге тәртібі Шартқа Қосымшада көзделмесе, Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде жоюға міндеттенеді. Кепілдікті қызмет көрсетуге байланысты барлық шығыстарды Орындаушы көтереді.

6.5. ОРЫНДАУШЫ ТАПСЫРЫС БЕРУШІНІ ТАПСЫРЫС БЕРУШІНІҢ ОРЫНДАУШЫ КӨРСЕТКЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІ (НЕМЕСЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ НӘТИЖЕЛЕРІН) ҰСЫНУЫ НЕМЕСЕ ПАЙДАЛАНУЫ НӘТИЖЕСІНДЕ НЕМЕСЕ САЛДАРЫНАН ТУЫНДАУЫ МҮМКІН (ҚҰҚЫҚ) ҚАНДАЙ ДА БІР ПАТЕНТ ҰСТАУШЫНЫҢ, ЛИЦЕНЗИЯ ИЕЛЕНУШІНІҢ НЕМЕСЕ ҚҰРАЛҒА, ЖАБДЫҚҚА, МАТЕРИАЛҒА, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАҒА БІРІНШІ КЕЗЕКТЕ ИЕ БОЛУ ҚҰҚЫҒЫНА НЕМЕСЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУ ӘДІСІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ НЕМЕСЕ ОНЫҢ АТЫНАН КЕЗ КЕЛГЕН ТҮРДЕГІ ЖӘНЕ СИПАТТАҒЫ БАРЛЫҚ НАРАЗЫЛЫҚТАРҒА, ТАЛАПТАРҒА, ЗАЛАЛДАРҒА, ШЫҒЫНДАРҒА, МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН ШЫҒЫСТАРҒА ҚАТЫСТЫ ҚОРҒАЙДЫ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН ҚОРҒАЙДЫ.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Орындаушының жауапкершілігі:

7.2.1. Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтерде туристік құндылықтан тыс есептеуді ұсынбаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарт сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді.

7.2.2. Орындаушы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын сақтамаған жағдайда және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою бойынша Тапсырыс берушінің талаптары орындалмаса, Орындаушы әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы құнының 10%-ынан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбы түрінде жауапты болады.

7.2.3. Орындаушы Шартта айтылған Қызметтерді көрсету мерзімін кешіктірген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1% -ы мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуге міндетті.

7.2.4. Орындаушы Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарт сомасының 0,1% -ы мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10% -ынан аспайтын өсімпұл төлейді.

7.2.5. Орындаушы Шарттың 4.1.16-тармағына сәйкес Тапсырыс берушінің сұранымдарына жауап беру мерзімдерін бұзған жағдайда, сондай-ақ Орындаушы Шарттың 4.1.17-тармағына сәйкес Қызметтер көрсету кезінде кез келген кідірістердің туындағаны туралы Тапсырыс берушіні хабардар етпеген жағдайда, Тапсырыс беруші әрбір осындай бұзушылық жағдайы үшін Орындаушыдан 10 АЕК мөлшерінде айыппұл өндіріп алуға құқылы.

7.2.6. Орындаушы осы Шарт бойынша Орындаушының өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұлдар (тұрақсыздық айыптары, айыппұлдар) сомасын Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша төлеуге жататын сомалардан ұстап қалуына келіседі.

7.3. Орындаушы осы Шарт бойынша Орындаушының өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұлдар (айыппұлдар) сомасын Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша төлеуге жататын сомалардан ұстап қалуына келіседі.

7.4. Егер Орындаушы Шарттың 4.1.11-тармағында белгіленген мерзімде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсынбаса, онда Шарттың қолданылуы тоқтатылады және Тапсырыс беруші Тапсырыс берушінің тендерге қатысуға өтінімді таңдау кезеңінде Орындаушы енгізген қамтамасыз етуді ұстап қалады.

7.5. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.5.1. Шарт бойынша төлемдер (оның ішінде аванстық төлемдер) кешіктірілген жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға





орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының жалпы сомасының 0,1% -ы мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуге тиіс.

7.5.2. Орындаушы ұсынған аванстық төлемді қамтамасыз етуді қайтару кідірілген жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1% -ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% -ынан аспайтын өсімпұл төлеуге тиіс

7.5.3. Орындаушы ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару кідірілген жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1% -ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% -ынан аспайтын өсімпұл төлеуге тиіс.

7.5.4. Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтердің актісіне қол қояды кешіктірсе, Тапсырыс беруші Орындаушыға әрбір күнтізбелік күн үшін орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1% - ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% - ынан аспайтын өсімпұл төлейді.

7.5.5. Тапсырыс беруші құжаттарды уактылы ұсынбаған жағдайда (егер шарттың талаптары бойынша Тапсырыс берушінің Қызмет көрсету үшін Орындаушыға құжаттарды ұсынуы талап етілген жағдайда), соның салдарынан Орындаушы шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден мерзімі өткен залалдарды шынайы залал мөлшерінде өтеуді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен талап етуге құқылы.

7.6. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші белгіленген тәртіппен «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Сенімді емес әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесіне Орындаушы туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға ақпарат жібереді.

7.7. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуге енгізілген сомдан шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзғаны үшін Орындаушыға есептелген тұрақсыздың айыбы сомасын және осыған байланысты туындаған залалдарды ұстап қалуға құқылы.

7.8. Тапсырыс беруші төлеген алдын ала төлемнен аз сомаға Қызметтерді нақты көрсету кезінде Шарттың қолданылуы тоқтатылған жағдайда Тапсырыс беруші енгізілген авансты қайтаруды қамтамасыз ету сомасынан тиісті айырманы ұстап қалуға құқылы.

7.9. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.10. Шарттың 8.5, 8.6-тармағына сәйкес Тапсырыс берушінің өз міндеттемелерін елеулі түрде бұзуына байланысты Орындаушы Шартты орындаудан біржақты бас тартқан жағдайда Орындаушы Тапсырыс берушіден Шарттың жалпы сомасының 10% мөлшерінде айыппұл өндіріп алуға құқылы болады.

7.11. Орындаушының өз міндеттемелерін бұзуына байланысты Тапсырыс беруші Шартты орындаудан біржақты бас тартқан жағдайда, сондай-ақ Тапсырыс берушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін елеулі түрде бұзуына байланысты емес негіздер бойынша Орындаушы Шартты орындаудан біржақты бас тартқан жағдайда (Шарттың 8.5, 8.6-тармағы) Тапсырыс беруші Орындаушыдан 10% (он) мөлшерінде айыппұл өндіріп алуға құқылы болады.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

8.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған Шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе орындаушыны таңдау үшін негіз болған ұсынысты өзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тиісті тармағында (тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

8.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

8.3.2. Орындаушы өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, сондай-ақ тәртіппен айқындалған өзге де жағдайларда;

8.3.3. Қызметтерді сатып алудың орынды еместігіне байланысты;

8.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқарған жағдайда;

8.3.3.2. Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/байқау кеңесінің шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда (алқалы атқарушы орган/басқару органының байқау кеңесі/жоғары органы (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда.

Қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Орындаушыға өзі нақты шеккен шығыстарды төлеген жағдайда жол беріледі.

8.4. Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі атынан сатып алуда бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуына жол берілмейді.

Бұл жағдайда Шарт Тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Орындаушыға Шартты бұзу күніне оның нақты шеккен шығыстарын төлеген кезде бұзылуы мүмкін.





8.5. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған келтірілген залалдар мен шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұлдың сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқылы.

8.6. Шарттың 8.5-тармағына сәйкес Тапсырыс берушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін елеулі түрде бұзуы, атап айтқанда Тапсырыс берушінің ақы төлеу мерзімін 60 (алпыс) күнтізбелік күннен артық бұзуы Тапсырыс берушінің кінәсіне жатады. Шарттың 8.5-тармағында көрсетілген шығындарға Шарттың 7.10-тармағында көзделген айыппұлмен жабылмаған бөлігіндегі нақты залал ғана жатады. Шарттың 8.5-тармағында көрсетілген шығындарға Шартты бұзу күніне Орындаушының Шартты орындауға байланысты нақты шығыстары жатады. Бұл ретте Орындаушы Шарт бойынша нақты шығыстарды және нақты залалды растау үшін Орындаушы қаржылық құжаттарды және оның Шарт бойынша міндеттемелерін орындауға байланысты өзге де құжаттарды ұсынуға міндетті.

8.7. Тапсырыс беруші Шарттың 8.3.3-тармағы бойынша Шартты орындаудан біржақты бас тартқан жағдайда Орындаушы Шартты орындауға байланысты нақты шығыстарды бұзу күніне төлеуді талап етуге құқылы. Бұл ретте Орындаушы Шарт бойынша өзі шеккен шығыстарды растайтын қаржылық құжаттарды ұсынуға міндетті.

8.8. Шартты орындаудан біржақты бас тартудың барлық өзге жағдайларында, Шарттың 8.5-тармағынан және 8.7-тармағынан басқа, Орындаушы Орындаушының нақты көрсеткен және Тапсырыс беруші қабылдаған Қызметтері үшін ақы төлеуді ғана талап етуге құқылы. Бұл ретте ешқандай өтемақы, шығындар, жіберілген пайда немесе басқа төлемдер Тапсырыс берушінің төлеуіне жатпайды.

8.9. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан біржақты бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Орындаушыға тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Шартты орындаудан біржақты бас тарту туралы хабарламада Шарттан бас тарту себебі, міндеттемелерді жою және Шартты бұзу күні көрсетілуге тиіс. Ал Шарттың 8.3.2., 8.3.3-тармақтарында және 13.8-тармақтарында көзделген жағдайларда Орындаушы Шарттан бас тарту және міндеттемелердің күшін жою себебін қамтитын хабарламаны алған күннен бастап Шарт бұзылды деп есептеледі.

8.10. Шартты мерзімінен бұрын бұзған/орындаудан біржақты бас тартқан жағдайда өтінімдердің қолданылуы Шарттың тоқтатылуымен бірге тоқтатылады.

9. Хат-хабар

9.1. Егер Шарттың талаптары бойынша қандай да бір хат жазысуды жүргізу, хабарламаларды, нұсқаулықтарды, келісімдерді, бекітулерді, сертификаттарды немесе біреудің шешімдерін ұсыну немесе шығару қажет болса және егер өзгеше ескертілмесе, онда хат алмасудың мұндай түрі негізсіз бас тартуларсыз және кідіріссіз жазбаша нысанда жүзеге асырылады.

9.2. Осы Шартқа сәйкес немесе байланысты хат алмасу жөніндегі барлық құжаттар Шарттың нөмірі мен күні көрсетілген Тараптардың деректемелерін қамтуы тиіс.

9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала берілуі және кейіннен түпнұсқаны ұсынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қолма-қол немесе пошта хабарламасы бар тапсырыс хатпен, факспен немесе электрондық пошта арқылы берілуі тиіс.

9.4. Курьерлік поштамен, электрондық поштамен, телексмен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама берілген сәтте немесе Тараптардың Электрондық сатып алу ақпараттық жүйесінде немесе Шартта көрсетілген электрондық мекенжайына жіберу сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

9.5. Тапсырыс (авиа) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе пошта жеткізілгенін растайтын курьерлік қызметтің мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

10. Шарттың мерзімі

10.1. Осы Шарт Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 12 (он екі) ай бойы, ал өзара есеп айырысулар бөлігінде олар толық аяқталғанға дейін қолданылады.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Тараптар, егер ол еңсерілмейтін күш жағдайларының салдары болып табылса, осы Шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «еңсерілмейтін күш жағдайы» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаты бар оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар әскери іс-қимылдар, табиғи немесе дүлей зілзалалар, эпидемия, карантин, эмбарго, көтерілістер, ереуілдер, азаматтық тәртіпсіздіктер, үкімет билігінің өкімдері немесе бұйрықтары және уәкілетті мемлекеттік органдардың өзге де нормативтік-құқықтық құжаттары және басқалар сияқты іс-қимылдарды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

11.2. Еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған кезде ол үшін міндеттемелерді орындау мүмкін болмаған Тарап екінші Тарапқа форс-мажордың болжамды қолданылу мерзімі туралы осындай мән-жайлар туындаған сәттен бастап және олардың себептері туралы күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде жазбаша нысанда хабарлауға тиіс (хабарлама), сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органдар немесе өзге де құзыретті ұйымдар берген және осындай мән-жайлардың басталу фактісін растайтын құжаттарды, сондай-ақ еңсерілмейтін күш мән-жайларының әсерінен өз міндеттемелерін орындаудың мүмкін еместігін ұсынуға міндетті. Уәкілетті орган берген мұндай растау хабарлама





күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ұсынылуға тиіс. Форс-мажорлық мән-жайлардың туындауы салдарынан өз міндеттемелерін орындау мүмкін еместігі туралы мерзімде хабарламаған Тарап осындай мән-жайларға сілтеме жасау мүмкіндігінен айырылады және Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады.

11.3. Егер еңсерілмес жағдайлары күнтізбелік 30 (отыз) күннен астам уақыт ішінде Тараптың өз міндеттемелерін орындамауына әкеп соқса, сол немесе басқа Тарап екінші Тарапты жазбаша хабардар ету арқылы шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Осы Шарттан Тараптар арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер қандай да бір Тараптың осындай дау туралы хабарламасын алған сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде келіссөздер жолымен шешіледі.

12.2. Дауларды келіссөздер жолымен шешу мүмкін болмаған жағдайда Тараптар заңнамада көзделген келіспеушіліктерді сотқа дейінгі реттеу рәсімін іске асырғаннан кейін оларды Тапсырыс берушінің тіркелген жері бойынша сот органдарының қарауына береді. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

12.3. Осы Шарт Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сәйкес жасалған және реттеледі.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

